

Мектеп директоры: Н.Касымбекова

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің» кмм
Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша атқарылған жұмыстардың жылдық жоспары.
2023-2024 оқу жылы

р/с	Іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Жас өспірімдер арасында ерте жүктіліктің алдын алу. Ерте жастағы жүктіліктің қауіп қатері.	Қыркүйек	ДТІЖО Б.Тұрлыбеков Қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова Медбике Г.Досбаева
2	Ерте жүктіліктен сақтану жолдары Буллинг пен зорлық-зомбылықтың алдын алу	Қазан	ДТІЖО Б.Тұрлыбеков Қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова Медбике Г.Досбаева
3	«Тазалық – денсаулық кепілі» «Ерте жүктіліктің алдын алу»	Қараша	Қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова Мектеп медбикесі Г.Досбаева
4	Ерте жүктілік және оның жасөспірім қыз балалардың денсаулығына зияны. Қыз балалардың тәртібі.	Желтоқсан,	ДТІЖО Б.Тұрлыбеков Қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова Медбике Г.Досбаева Мектеп психологы Ф.Еспулганова
5	Жас өспірім қыздар ерет жүктілікке бой алдырмау Ерте жастағы жүктілік салдары Қыздар мен сұрақ жауаптар өткізу.	Қаңтар	Қыздар кеңесі төрайымы М.Сатымбекова Мектеп психологы Ф.Еспулганова Медбике Г.Досбаева
6	Мектеп кезінде қыз баланың гигиенаға сай таза жүруі Ерте жүктіліктің алдын алу. Қызың үйде ,қылығы түзде	Ақпан	Қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова Медбике Г.Досбаева Мектеп психологы Ф.Еспулганова
7	Ерте жүктіліктің алдын алу Репродуктивті денсаулық	Наурыз, сәуір	Қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова Мектеп психологы Ф.Еспулганова Медбике Г.Досбаева
8	«Ерте жүктіліктің салдары» «Жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің зияны»	Мамыр	ДТІЖО Б.Тұрлыбеков Қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова Мектеп психологы Ф.Еспулганова

Қыздар кеңесінің төрайымы: М.Сатымбекова

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінде жүргізілген қыздар жиналыстың

ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күн: 20.09.2023ж

Өткізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

1. Жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің алдын алу.
2. Ерте жастағы жүктіліктің қауіп қатері.

Тыңдалды;

Қыздар жиналысының төрайымы М.Сатымбекова жиналыстың мақсатымен таныстырып жиналысты ашты. Жастарға дұрыс бағыт бағдар беру және ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында өткізілген жиналыстың күн тәртібімен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша мектеп медбикесі Г.Досбаева сөзге шығып қазіргі таңда жастардың санасында отбасының абыройын ойлау және ұрпақ тәрбиесі туралы дұрыс пікірлерді сіңіру маңызды болып тұр. Бойжеткен оқушы қыздарымызды үлгілі иманды, ибалы, инабатты, өз арын таза ұстайтын халқымыздың қыздары болуға шақырды.

Екінші мәселе бойынша мектеп қыздар төрайымы М.Сатымбекова «ерте жүктіліктің қауіп-қатері» өте зор және оның жауапкершілігі мол іс екендігін тілге тиек етті. Жасөспірімдер бір ғана шалыс басқан істің артында үлкен қауіп-қатер бар екенін біле бермейді деп түсіндірді.

Қаулы етеді:

Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында қыздар жиналыстары қолға алынсын.

Қыздар кеңесі төрайымы:  М.Сатымбекова

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінде жүргізілген қыздар жиналыстың

ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күн: 19.10.2023ж

Өткізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

1. Ерте жүктіліктен сақтану жолдары
2. Буллинг пен зорлық – зомбылықтың алдын алу

Тыңдалды:


«Ерте жүктіліктен сақтану жолдары» тақырыбында мектеп қыздар кеңесі төрайымы М.Сатымбекова баяндама жасап, ондай жағдайдың жас ағзаға зияны мен жалпы қыз бала психологиясына тигізетін әсері, салдары мен болдырмау жолдары туралы айтып берді. Оқушы қыздардың жеке бас тазалығы мен шаш күтіміне тоқталды. Қыздарға салақтық пен өз денесін таза ұстамаудан болатын тері аурулары туралы айтып өтті. Қыздарға жасөспірім кезеңде болатын қыздар ағзасындағы өзгерістер мен оған дайын болу керектігін ескерттіп кетті.

Екінші мәселе бойынша мектеп психологы Ф.Еспулганова «Буллинг пен зорлық зомбылықтың алдын алу» атты презентация мен бейнеролик арқылы жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу, болдырмау үшін қыздардан талап етілетін міндеттер мен алдын алу шараларын түсіндірді.

Қаулы етеді:

1. Ерте жүктіліктен сақтану жолдары, зорлық- зомбылықтың алдын алу бағытындағы шаралар уақытылы жүргізіліп отырсын, орындау мектеп психологімен мектеп медбикесіне жүктелсін.

Қыздар кеңесі төрайымы:  М.Сатымбекова

Хатшы:  Г.Абдикадирова

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінде жүргізілген қыздар жиналыстың

ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 22.11.2023ж

Өткізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

- 1.«Тазалық – денсаулық кепілі» (мектеп медбикесі)
- 2.«Ерте жүктіліктің алдын алу» туралы баяндама мектеп психологі

Мектеп медбикесі Г.Досбаева «Тазалық – денсаулық кепілі» тақырыбында презентациямен таныстырып, оқушының жеке бас тазалығы, қыздар гигиенасы мен жүргізілген тазалық қорытындысына тоқталды.

Мектеп психолгы Ф.Еспулганова «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында түсінік жұмыстарын жүргізіп, баяндама жасады. Ерте жүктіліктің қауіп қатері туралы бағытындағы маңызды мағлұматтар берді.

Қаулы етеді:

- 1.Қыздардың жеке бас тазалығы үнемі қадағаланып, уақытылы тексеріліп отырсын. Уақытында тексеру мектеп медбикесі Г.Досбаеваға міндеттелсін.
2. Ерте жүктілік бағытындағы іс-шаралар жоспарлы түрде жүргізілсін. Түсінік жұмысын жүргізу мектеп психологіне міндеттелсін.

Қыздар кеңесі төрайымы:  М.САтымбекова

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінде жүргізілген қыздар жиналыстың

ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күн: 26.12.2023ж

Өткізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

1. Ерте жүктілік және оның жасөспірім қыз балалардың денсаулығына зияны.
2. Қыз балалардың тәртібі

Тыңдалды;

Қыздар жиналысының төрайымы М.Сатымбекова жиналыстың мақсатымен таныстырып жиналысты ашты. Жастарға дұрыс бағыт бағдар беру және ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында өткізілген жиналыстың күн тәртібімен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша мектеп медбикесі Г.Досбаева сөзге шығып ерте жастағы жүктіліктің ең алдымен қызбаланың денсаулығына кесірін тигізсе болашағына балта шабатыны турасында ұғынықты етіп түсіндірді. қазіргі таңда жастардың санасында отбасының абыройын ойлау және ұрпақ тәрбиесі туралы дұрыс пікірлерді сіңіру маңызды болып тұр. Бойжеткен оқушы қыздарымызды үлгілі иманды, ибалы, инабатты, өз арын таза ұстайтын халқымыздың қыздары болуға шақырды.

Екінші мәселе бойынша мектеп қыздар төрайымы М.Сатымбекова өз сөзінде мектептегі 5-7 сынып оқушыларының тәртібі мен мектеп формасының сақатлуы, жалпы қыз балалардың өзін-өзі ұстау тәртібі, сөйлеу, жүру мәдениеті мен жеке бас тазалығы туралы айтып, себепсіз сабақ қалдырып, мектеп ережесін бұзған кейбір оқушыларға ескету жасады.

Қаулы етеді:

1. Қыздар жиналысы жандандырылсын.
2. Тәртіпке бағынған құл болмайды.

Қыздар кеңесі төрайымы:  М.Сатымбекова

«№3 Ө.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жүргізілген қыздар жиналысының

ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 24.01.2024ж

Өткізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

1. Жас өспірім қыздар ерте жүктілікке бой алдырмау
2. Ерте жастағы жүктілік салдары
3. Қыздар мен сұрақ жауаптар өткізу

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша қыздарға жас жеткіншіктер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу туралы мектеп медбикесі Г.Досбаева айтып өтті. Ерте жүктілік деп 13-19 жастағы болатын жүктілікті айтады. Осы уақытта қыз балаларда өтпелі жас кезеңі басталып, гормондық қайта құрылу жүреді. Қазіргі уақытта жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің алдын алу тақырыбы өзекті мәселелердің қатарында. ДДҰ мәліметтері бойынша, бала өлімінің негізгі себептерінің бірі - жүктілікті ұзу және ерте босану. Ерте жүктіліктің негізгі проблемасы бұл жыныстық тәрбие туралы білімнің жеткіліксіз болуы, не болмаса тәрбиенің мүлдем жоқтығы.

Екінші мәселе бойынша ер жүктіліктің қандай профилактикасы бар? Проблемамен күресудің ең үздік тәсілі- проблемадан сақтану. Жоспарланбаған жүктіліктен сақтанудың тәсілдері туралы ата-анамен жиі әңгімелесу керек. Жыныстық тәрбие туралы кітаптар оқу, видео роликтер көру. Ерте жүкті болған қыздар білім алу мүмкіндігін жоғалтып, қоғамнан алшақтайды және олардың денсаулықтарына қауіп төнеді. Медициналық көрсеткіштер бойынша 19 жасқа дейінгі жүктілік ерте деп саналады. Жасөспірімдердің жүктілігі үшін ең көп таралған кезең – 15-17 жас аралығы. Дәрігерлер атап өткендей, тек он сегіз жасқа дейінгі қыздың денесі жеткілікті түрде қалыптасқан және бала көтеруге, тууға толық дайын. Ерте жүктіліктің салдарынан жасөспірімдердің 70% – ы жасанды түсік жасап, 15% - ы түсік тастайды деп түсіндірді.

Үшінші мәселе бойынша қыздардың әр түрлі сұрақ жауаптар өткізілді. Қыздар ерте жүктіліктің салдары жайында өз пікірлерін сұрақ жауаппен айтып талқылап өтті.

Қыздар кеңесінің төрайымы:

М.Сатымбекова

Мектеп медбикесі:

Г.Досбаева

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінде жүргізілген қыздар жиналысының

ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 08.02.2024ж

Өткізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

1. Мектеп кезінде қызбаланың гигиенаға сай таза жүруі
2. Ерте жүктіліктің алдын алу
3. Қызың үйде, қылығы түзде

Тыңдалды:

Жиналысты мектеп психологы Ф.Еспулганова ашты. Ол өз сөзінде қыздардың тәртібіне аса мән беру, талапка сай киіну мектептің ішкі тәртібімен жүру, тәртіпке, әдептілікке шақырды.

Ерте жүктіліктің қауіп-қатері, қызбала психологияға әсері жөнінде түсіндіріп өтті. ДТІЖО Б.Тұрлыбеков қыздар тәртібі үлкенді сыйлау мектепте және көпшілік ортада қыздар өздерінің жүріп-тұруына мән беру тәрбиелі болу, мектепке сай киіну керектігін айтып өтті.

Мектеп медбикесі Г.Досбаева «Ерте жүктілік және ерте жүктілік» тақырыбында баяндама оқыды. Ерте жүктілік немен қауіпті, ерте жүктіліктің нәтижесі, ерте жүктілік неге әкеліп соқтыруы мүмкін, ерте жүктіліктің алдын алу жолдары, түсіктен кейінгі асқынулар туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.


Қыздар төрайымы М.Сатымбекова «Қызың үйде қылығы түзде» қыздар тәрбиесі, киінуі, әдептілікке және уақыттарын үнемі пайдаланып, сабақтарын көңілді бөлуге кеңес берді.

Қаулы етеді:

3. Қыздар кеңесі жұмысы жандандырылсын
4. «Қыздарға ұлттық тәрбие туралы» түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Қыздар төрайымы:  М.Сатымбекова

Мектеп медбикесі:  Г.Досбаева

Мектеп психологы:  Ф.Еспулганова

«№ 3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектеп» кмм
5-11 сынып оқушылары арасында ерте жүктіліктің алдын алу бойынша
өткізілген қыздар жиналысы
ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 10.01.2024 ж

Өткізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

1. Қыздарға организмдегі өзгерістер жайлы және ерте жүктілік туралы мәлімет беру: Баяндамашы: мед.бике- Г.Досбаева
2. Қыздардың мектепте жүру тәртібі және мектеп формасына назар аудару туралы: Баяндамашы: қыздар кеңесінің төрайымы – М.Сатымбекова
3. Ерте жүктіліктің қыздар психологиясына әсері туралы ; Баяндамашы: педагог-психолог- Ф.Еспулганова
4. Түрлі мәселелер: ұйымдастырушы педагог-Г.Абдиева


Бірінші мәселе бойынша сөзге мед бике Г.Досбаева шықты. Қыздарға етек кір келетін уақытта қыздар организмде болатын өзгерістер жайлы және ерте жүктілік қандай болуы, оның әсері қандай деген сұрақтарға жауап берді. Ол қыздарға бейнеролик көрсетті және ол жайлы сұрақ жауаптар өткізді. Қыздар саналы түрде ол жаман әрекет екендігін түсінді.Мед бикеге өздері қызықтырған сұрақтарға жауап алды.


Екінші мәселе бойынша қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова сөзге шығып, мектепте қыздардың тәртібі жайлы айтып өтті. Мектеп формасына сай келмейтін, қысқа және ашық киімдер киюге тыйым салынатынын қыздарға түсіндірді. Қыздар арасында «қыздар сынып басшыларын сайлауын » өткізді. Оларға тапсырмалар берді. Әр ай сайын қыздар жиналыстарында сол қыздар сынып қыздарының ахуалы, тәртібі туралы мәлімет беретін болды. Қыздар мектебіміздің келбеті екендіктері ескертілді.

Үшінші мәселе бойынша мектеп педагог-психологы Ф.Еспулганова сөзге шығып, ерте жүктіліктің жеткіншек психологиясына әсері туралы баяндама жасады. Қыздар психологқа өздерін қызықтырған сұрақтарын беріп, кері байланыс жасады. Қыздар жиналыс барысында көптеген қажетті ақпараттарға ие болды. Егерде қандай да бір қиындықтар болса мектеп психологына келіп айтуға болатыны оқушыларға ескертілді.

Жиналыс қаулы етеді:

1. 9-11 сынып қыздары арасында мектеп формасы, тәртібін орындамайтындары анықталса, қосымша жұмыстар жүргізілсін.
2. Қиналған уақыттарында қыздар педагог психологқа келулері ескертілсін, жеке кеңес беру жұмыстары жолға қойылсын.
3. Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша жиналыс ай сайын өткізілсін.

Педагог-психолог:  **Ф.Еспулганова**

Қыздар кеңесінің төрайымы:  **М.Сатымбекова**